

Абоненттік пошта жәшіктерін орналастыру, күтіп-ұстау және олардың техникалық сипаттамалары жөніндегі талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 68 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 тамызда № 14148 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 305/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 28.05.2024 № 305/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған абоненттік пошта жәшіктерін орналастыру, күтіп-ұстау және олардың техникалық сипаттамалары жөніндегі талаптарды бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаменті (В.В. Ярошенко):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсына және мемлекеттік органдардың интранет-порталына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
Министрі

Д. Абаев

**Абоненттік пошта жәшіктерін орналастыру,
күтіп-ұстау және олардың техникалық сипаттамалары
жөніндегі талаптар
1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Абоненттік пошта жәшіктерін орналастыру, күтіп-ұстау және олардың техникалық сипаттамалары жөніндегі талаптар (бұдан әрі - Талаптар) "Пошта туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және абоненттік пошта жәшіктерін орналастыру, күтіп ұстау, пайдалану тәртібін және олардың техникалық сипаттамаларын белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абоненттік пошта жәшігі –адресаттардың пошта жөнелтілімдерін алуы үшін ғимараттарда, тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда), жеке тұрғын үйлерде орнатылатын, ұяшықтары бар арнайы шкаф;

2) пошта операторының қызметтерін пайдаланушы (бұдан әрі - пайдаланушы) – пошта операторы ұсынатын, оның ішінде пошта операторымен өзі жасасқан шарттар негізінде ұсынылатын қызметтерді тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

3) пошта операторы – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, пошта қызметі саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

4) пошта саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік бақылауды, қызметті үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

5) Ұлттық пошта операторы – Заңда көзделген міндеттемелер жүктелген, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, пошта саласындағы уәкілетті органымен анықталатын пошта операторы.

3. Абоненттік пошта жәшіктері тұрғын және тұрғын емес ғимаратта, жеке тұрғын үйде, пошта байланысы қызметтерін пайдаланушылардың және пошта операторы пошташыларының қол жеткізуіне ыңғайлы жерге орналастырылады, және абоненттік пошта жәшіктерінің тиісті қалпыда орналастырып, күтіп ұстауды қамтамасыз ететін меншік иелерінің меншігінде болады.

2-тарау. Абоненттік пошта жәшігін орналастыру және күтіп ұстау талаптары

4. Абоненттік пошта жәшіктері көп пәтерлі тұрғын ғимараттың бірінші қабатының алаңында әрбір кіреберісте, бір қабатты және көп қабатты тұрғын емес ғимаратта бірінші қабатта меншік иелерінің, пошта байланысы қызметтерін пайдаланушылардың және пошта операторы пошташыларының (курьерлерінің) қол жеткізуіне ыңғайлы жерге орналастырылады.

5. Жеке тұрғын үйлердің меншік иелері абоненттік пошта жәшіктерін пошта операторларына (курьерлеріне) меншік иесінің аумағына кірмей пошта жөнелтілімін жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, өзінің жер учаскесінің шегінде аумаққа кірер жерде орналастырады.

6. Көп пәтерлі ғимараттардағы пәтерлердің, үй-жайлардың, жеке тұрғын үйлердің, тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері пошташылардың (курьерлердің) абоненттік пошта жәшіктеріне кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

7. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың, жеке тұрғын үйлердің меншік иелерінің шешімі бойынша абоненттік пошта жәшіктерінің орнатылуын, күтіп ұсталуын және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеме шарт бойынша кондоминиум субъектілеріне берілуі мүмкін.

8. Меншік иелері, пайдаланушылар, кондоминиум субъектілері абоненттік пошта жәшіктерін жарамды жай-күйде және таза ұстайды.

Абоненттік пошта жәшігі болмаған немесе жарамсыз болған жағдайда пошта операторы пошта жөнелтілімдерін алушының мекенжайына жеткізбейді, пошта жөнелтілімін беруді алушы тұратын ауданға қызмет көрсететін пошта операторының өндірістік объектісінен беруді жүзеге асырады.

9. Пошта байланысы қызметтерін пайдаланушылар абоненттік пошта жәшігі арқылы пошта жөнелтілімін алу кезінде оны ашуға және жабуға кілтті пайдаланады.

3-тарау. Абоненттік пошта жәшіктерінің техникалық сипаттамалары

10. Абоненттік пошта жәшігі қалыңдығы 0,5 – 1,5 миллиметр жалпақ металл прокаттан жасалады. Абоненттік пошта жәшігі конструкциясының жекелеген элементтері дәнекермен немесе тойтарып шегелеп біріктіріледі және эмаль бояумен сырланады. Корпустаң және артқы саңлаусыз қабырғадан және құрылғымен (құлыпмен) және топсалармен жабылып ашылатын есіктен тұрады.

11. Абоненттік пошта жәшіктері мынадай түрге бөлінеді:

1) жасалу технологиясы бойынша:

тік – тік орналасқан есіктері бар бірнеше ұяшықтарды қамтиды;
көлденең – көлденең орналасқан есіктері бар бірнеше ұяшықты қамтиды;
жеке – тік немесе көлденең болатын есіктері бар ұяшықтардың бірінен тұрады;

2) конструкциясы бойынша:

саңылау — пошта жөнелтілімдерін салу ұяшықтар арасындағы саңылау арқылы жүзеге асырылады;

бұзуға төзімді — пошта жөнелтілімдерін салу пошта операторының пошташысы (курьері) мастер-кілттің көмегімен барлық ұяшықты ашқан кезде жүзеге асырылады.

12. Абоненттік пошта жәшігі ұяшықтарының көлемі мен ішкі өлшемдері абоненттік пошта жәшігі арқылы жеткізілуге тиіс, пошта жөнелтілімдерінің еркін сыюын қамтамасыз етуі және мына өлшемдерден төмен болмауы керек:

Ұзындығы – 400 мм;

Ені – 250 мм;

Биіктігі – 120 мм.